Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 24 сәуірдегі № 235 бұйрығына
3-қосымша

Сәйкестік туралы декларация

2020 жылғы "_08_" ____31_____

Мердігер (бас мердігер) **«СК и Монтаж-Строй» ЖШС, Қызылорда қаласы, 9 май көшесі 8 жер телімі**
ұйымның атауы, заңды мекенжайы
Туребаев Мұхит Мұратбекович атынан
ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

«Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының Төретам кентіндегі жаттығу және стритбол алаңының құрылысы» объектісі бойынша
объектінің атауы, орналасқан жері

Тапсырыс беруші **«Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қалақұрылысы» КММ-нің басшысы Әнуар Айдын** болып табылатын
ұйымның атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

мынаны куәландырады:

1. Объектіде құрылыс-монтаж жұмыстары бекітілген жобаға (жобалау-сметалық құжаттамаға), сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес орындалған;

2. Қосымша мердігер ұйымдар
1) **«Мұрат-Арал Құрылыс» ЖШС**
ұйымның атауы, лицензия № және алған күні
Жұмағалиев Р. атынан **сыртқы жарықтандыру электр желісі** жұмысын жүзеге асырды;
басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

2) **«Al-Asad Group» ЖШС**
ұйымның атауы, лицензия № және алған күні
Аңсат Руслан атынан **жаттығу алаңынның беткі жабын қабаты** жұмыстарын жүзеге асырды;
басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

3. Жоба (жобалау-сметалық құжаттамасы)
«Шынар Проект и Компания» ЖШС Тапсырыс №79/19
жобалау ұйымының атауы, жобаның нөмірі
«Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қалақұрылысы» КММ-нің _____ 2020 жылғы № _____ Бұйрығымен бекітілген;
жобаны бекіткен (қайта бекіткен) ұйымның атауы және бекітілген күні

4. Объектінің (кешеннің) мынадай негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері бар (қуаттылық, өнімділік, өндірістік алаң, ұзындық, сыйымдылық, көлем, өткізу қабілеттілігі, тасымалдау қабілеттілігі, жұмыс орындарының саны және сол сияқты,) барлық объектілер (тұрғын үйлерден басқа) бойынша (нысаналы өнімдерге немесе көрсетілетін қызметтердің негізгі түрлеріне сәйкес өлшем бірліктерімен толтырылады):

Қуаттылық, өнімділік және тағы басқа	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша		Нақты	
		жалпы (бұрын қабылданған-дарды ескере отырып)	оның ішінде іске қосу кешені немесе кезегі	жалпы (бұрын қабылданғандарды ескере отырып)	оның ішінде іске қосу кешені немесе кезегі
Қуаттылығы (сыйымдылығы)	орын				
Жер телімінің жалпы ауданы	шаршы метр	7000		7000	
Құрама жаттығу алаңының жалпы ауданы	шаршы метр	432,0		432 0	
Стритбол алаңы Көшеде жаттығу алаңы	шаршы метр	295,8 187,2		295,8 187,2	
Жабын алаңы	текше метр	915,0		915,0	
Пайдаланылмаған алаңның ауданы		4287,28		4287,28	

Тұрғын үйдің мынадай көрсеткіштері бар:

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша	Нақты
Жалпы алаңы, оның ішінде: Стритбол алаңы Көшеде жаттығу алаңы	шаршы метр (бұдан әрі – м2)		
Қабаттар саны	қабат		
Жалпы құрылыс көлемі	текше метр (бұдан әрі - м3)		
Оның ішінде жер асты бөлігі	м3		
Жапсарлас салынған, жапсарлас-жанаса салынған және жанаса салынған үй-жайлар алаңы	м2		

Көрсеткіштер	Жоба бойынша			Нақты		
	пәтер саны	Пәтер алаңы, м2		пәтер саны	Пәтер алаңы, м2	
		жалпы	тұрғын		жалпы	тұрғын
Барлық пәтер, оның ішінде: бір бөлмелі						
екі бөлмелі						
үш бөлмелі						
төрт бөлмелі және одан көп						

5. Объект бойынша технологиялық және сәулет-құрылыс шешімдері мына деректермен сипатталады: **Жобада қарастырылған құрама жаттығу алаңы Қармақшы ауданы, Төретам кенті Амангелді көшесі н/з мекенжайдағы жұмыс істеп тұрған денешынықтыру-оңалту алаңында орналасқан. Бұрынғы жұмыс істеп тұрған алаңға кіріп-шығатын жолдар, абаттандыру мен инженерлік жүйелер жоба бойынша өзгеріссіз қалдырылған. Құрама жаттығу алаңы - көшеде жаттығу алаңы мен стритбол ойын алаңына бөлінген. Құрама жаттығу алаңының жалпы өлшемі 14,40х30,0м. Стритбол ойын алаңы – 17,40х17м, көше жаттығу алаңы – 17,40х13,0м. Алаңның беті «тартан» типті қызғылт және күрең түсті жабын қабатымен жабылған. Жоба бойынша 3 дана орындық, 3 дана урна, 1 дана үш сатылы турник каскады, 1 дана ВФСК спорттың норматив тапсыру алаңы және 1 дана СВС-23 спорттық норматив тапсыру алаңы, 1 дана «Штурвал», 1 дана «Маятник» 1 дана веложаттығу, 1 дана «Лыжник», 1 дана «Жми ногами», 2 дана «тяга сверху+Жми от груди», 1 дана «Гребля» құрылғылары және 1 дана баскетбол сеткасы қарастырылған. Алаңды жарықтандыру үшін 60 Вт шамдарымен жарақталған «ССУ магистрал» жарықтандырғыштар қарастырылған.**

негізгі материалдар мен конструкциялар, инженерлік және технологиялық жабдықтар бойынша, оны орналастыру ерекшеліктері бойынша қысқаша техникалық сипаттамалар

6. Объектіде жобада көзделген, жеке сынақтан және кешенді байқаудан кейін оны қабылдау туралы актілерге сәйкес мөлшерде жабдық орнатылған;

7. Жобада көзделген еңбекті қорғау, жарылыс қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған табиғи ортаны қорғау және сейсмикаға қарсы іс-шаралар орындалған;

8. Құрылыс-монтаждау жұмыстары мынадай мерзімде жүзеге асырылған:

жұмыстың басталуы **маусым.2020 ж.;**
айы, жылы

жұмыстың аяқталуы **тамыз 2020 ж.;**
айы, жылы

құрылыстың ұзақтығы, **3 (үш) ай:**

құрылысты ұйымдастыру нормасы бойынша немесе жобасы бойынша **3 (үш)** ай;
нақты **3 (үш) ай**;

9. Қолданылған құрылыс материалдары, конструкциялар, жабдық және бұйымдар жобаның және мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес;

10. Сыртқы инженерлік коммуникациялар (суық су және ыстық сумен жабдықтау, кәріз, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау және байланыс) объектінің қалыпты пайдаланылуын қамтамасыз етеді, оны инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету бойынша қызметтерді жеткізушілер растайды.

«Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының Төретам кентіндегі жаттығу және стритбол алаңының құрылысы» объектісіне инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету бойынша қызметті жеткізушілер:

«Төретам АЭТ ҚЭТТК АҚ _____

ұйымның атауы, басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),

_____

қолы, күні.

Мөрдің орны (болған жағдайда)

Мердігер (бас мердігер) «СК и Монтаж-Строй» ЖШС ««Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының Төретам кентіндегі жаттығу және стритбол алаңының құрылысы»

объектінің (кешеннің) атауы

объектісін қабылдауға дайын деп санайды, орындалған құрылыс-монтаждау және арнайы жұмыстардың сапасына кепілдік береді және объектінің құрылысы кезінде оның кінәсі бойынша пайда болған ақауларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілдік мерзім ішінде жоюға өзіне міндеттеме алады.

Мердігер (бас мердігер) **«СК и Монтаж-Строй» ЖШС, директоры М. М. Туребаев**

ұйымның атауы, басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),

_____

қолы, күні.

Мөрдің орны (болған жағдайда)